

**«Кемел кәсіби даму
орталығы»**



**«Kemel kasibi damu
ortalygy LTD»**

**«Сурдопедагогтің кәсіби қызметіндегі заманауи тәсілдер мен
практикалық құралдар» біліктілікті арттыру курсының**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сағат саны: 80 ақ.сағ.

Алматы 2026

1. Жалпы ережелер

Курс аннотациясы

«Сурдопедагогтің кәсіби қызметіндегі заманауи тәсілдер мен практикалық құралдар» атты біліктілікті арттыру бағдарламасы ПМПК, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің және арнайы мектептер мен арнайы сыныптардың сурдопедагогтарының кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге бағытталған.

Бағдарлама құрылымы Қазақстан Республикасының заңнамасындағы нормативтік-құқықтық негіздерден бастап, психологиялық-педагогикалық қолдау, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, оқыту мен түзете-дамыту жұмысы, заманауи технологияларды қолдану және кәсіби даму мәселелеріне дейінгі барлық маңызды аспектілерді біріктіреді.

Бағдарлама аясында тыңдаушылар есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істеудің ерекшеліктерін, олардың даму динамикасын бағалау мен мониторинг жүргізу тәсілдерін, арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру жолдарын, сондай-ақ түзете-дамыту бағдарламаларын әзірлеу мен қолдану ерекшеліктерін меңгереді. Сонымен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі шеңберінде командалық жұмысты ұйымдастыру, ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесу және кәсіби құжаттаманы жүргізу мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Бағдарламаның өзектілігі

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың қазіргі жағдайы сурдопедагогтен жоғары кәсіби даярлықты, есту қабілеті зақымдалған балалармен оқыту, түзете-дамыту және психологиялық-педагогикалық қолдау жұмысын жүргізудің тиімді әдістерін меңгеруді талап етеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға сапалы қолдау көрсетуге қойылатын талаптардың артуы сурдопедагогтердің білімін, дағдыларын және әдістемелік даярлығын тұрақты жетілдіру қажеттігін туындатады.

Сурдопедагогтің білім алушылардың тілдік, коммуникативтік және танымдық дамуын қамтамасыз етуде, оқу процесін бейімдеуде, арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыруда, сондай-ақ мамандармен және ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесуде кәсіби тұрғыдан даяр болуы ерекше маңызға ие.

Ұсынылып отырған бағдарламаның өзектілігі сурдопедагогтердің диагностика, оқыту, түзете-дамыту қызметі, нәтижелерді бағалау мен мониторинг жүргізу, цифрлық және визуалды құралдарды қолдану саласындағы кәсіби құзыреттілігін арттыру қажеттігімен айқындалады. Бұл есту қабілеті зақымдалған білім алушыларға сапалы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге ықпал етеді.

Мемлекеттік басымдықтармен және әлемдік трендтермен байланысы

Мемлекеттік басымдықтармен байланысы

Бағдарлама Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім беру мен психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді жетілдіруге бағытталған

стратегиялық міндеттерге сәйкес келеді. Сурдопедагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру – есту қабілеті зақымдалған білім алушыларға қолайлы білім беру жағдайларын жасауға, олардың білім алу қажеттіліктерін ескеруге және сапалы қолдау көрсетуге бағытталған мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың маңызды тетіктерінің бірі.

Заманауи әдістер мен технологияларды меңгерген сурдопедагогтерді даярлау – білім беру сапасын арттыруға, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің тиімділігін күшейтуге және білім беру ұйымдарындағы арнайы педагогикалық көмектің мазмұнын жаңартуға ықпал етеді.

Әлемдік трендтермен байланысы

Ұсынылып отырған бағдарлама сурдопедагогика және арнайы білім беру саласындағы қазіргі әлемдік үрдістерге сәйкес келеді. Бағдарламада білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін дер кезінде анықтауға, оқыту мен түзете-дамыту жұмысын дараландыруға, командалық өзара әрекеттесуге және цифрлық құралдарды тиімді қолдануға баса назар аударылады.

Халықаралық тәжірибе есту қабілеті зақымдалған білім алушылармен жұмыста визуалды қолдау, мультимедиалық ресурстар, цифрлық технологиялар, деректерге негізделген мониторинг және білім беру процесін икемді ұйымдастырудың жоғары маңызын көрсетеді. Бағдарлама сурдопедагогтің кәсіби қызметінде осы бағыттарды қолдануға негізделген заманауи тәсілдерді қамтиды.

2. Глоссарий

Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар)

Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау – қызметтің қандай да бір түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған көрсетілетін қызметтер мен іс-шаралар кешені.

Командалық бағалау – педагогтер тобының ерекше білім беру қажеттіліктерін, түзету-дамыту бағдарламасының негізгі бағыттарын айқындауы және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді әдістерін таңдауы

Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар) – белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау;

Түзете-дамыту жұмысы - білім алушының бұзылған немесе жеткіліксіз дамыған функцияларын қалпына келтіруге және дамытуға бағытталған педагогикалық процесс.

Түзету-дамытушылық бағыттылық – даму бұзылыстарын жеңу үшін жағдай жасау.

Сараланған және жеке тәсіл – түзету жұмысының әдістерін, нысандары мен құралдарын таңдау кезінде әр баланың жеке ерекшеліктері, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеру.

Сурдопедагог – есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту, тәрбиелеу, түзете-дамыту жұмысын жүзеге асыратын арнайы педагог.

Сурдопедагогика - есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту заңдылықтарын зерттейтін арнайы педагогиканың саласы.

Әлеуметтік бейімделу - білім алушының қоғамға, әлеуметтік ортаға табысты бейімделу процесі.

Есту қабілетінің бұзылысы - есту анализаторы қызметінің толық немесе жартылай бұзылуы нәтижесінде дыбысты қабылдау қабілетінің төмендеуі немесе болмауы.

Естіп қабылдау - дыбыстық ақпаратты қабылдау, тану және түсіну процесі.

Мониторинг – білім алушының даму динамикасын жүйелі бақылау және талдау процесі.

Рефлексия – педагогтің өз кәсіби қызметін талдау және жетілдіру процесі.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Бағдарламаның жаңашылдығы

Сурдопедагогтердің біліктілігін арттыруға арналған бұл бағдарлама есту қабілеті зақымдалған білім алушылармен жұмыс жүргізудің заманауи талаптарын ескере отырып әзірленген. Бағдарлама мазмұны сурдопедагогтің кәсіби қызметін нормативтік-құқықтық, диагностикалық, оқыту, түзете-дамыту, технологиялық және рефлексиялық бағыттарда кешенді қарастыруға негізделген.

Бағдарламаның ерекшелігі – сурдопедагогтің кәсіби қызметін теориялық біліммен ғана шектемей, практикалық міндеттермен тікелей байланыстыра қарастыруында. Тыңдаушылар есту қабілеті зақымдалған білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, оқу процесін бейімдеу, арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру, түзете-дамыту жұмысының мазмұнын жоспарлау, кәсіби құжаттаманы жүргізу және нәтижелерді мониторингтеу бойынша нақты практикалық дағдыларды меңгереді.

Бағдарламада сурдопедагогтің кәсіби қызметінде қолданылатын заманауи педагогикалық, визуалды және цифрлық құралдарға ерекше назар аударылады. Оқыту барысында білім алушылардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ мазмұнын құрылымдау, саралап оқыту, цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану және кәсіби қызметте заманауи технологияларды кіріктіру жолдары қарастырылады.

Бағдарламаның маңызды қырларының бірі – сурдопедагогтің кәсіби қызметін психологиялық-педагогикалық қолдау, мамандармен өзара

әрекеттесу, ата-аналармен жұмыс және кәсіби рефлексия мәселелерімен байланыста қарастыруы. Бұл бағдарламаның мазмұнын практикаға бағдарланған, жүйелі және қазіргі білім беру жағдайына бейім етеді.

Бағдарлама тек мазмұнының өзектілігімен ғана емес, сонымен қатар сурдопедагогтің кәсіби дамуына, әдістемелік даярлығына және заманауи білім беру жағдайында нәтижелі жұмыс істеуіне бағытталған құрылымымен ерекшеленеді.

Білім беру жүйесіндегі баламаларға талдау

Қазақстан Республикасында сурдопедагогтердің біліктілігін арттыруға арналған бағдарламалар мазмұнына жүргізілген талдау бұл бағыттағы курстардың көбіне жекелеген тақырыптарды ғана қамтитынын көрсетеді. Көп жағдайда мұндай бағдарламалар есту қабілеті зақымдалған балаларды оқытудың немесе түзете-дамыту жұмысының жеке әдістемелік қырларына басымдық береді, ал сурдопедагогтің кәсіби қызметін кешенді түрде қарастыру жеткіліксіз деңгейде ұсынылады.

Қолданыстағы бағдарламаларда сурдопедагог қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, оқу мазмұнын бейімдеу, арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру, нәтижелерді мониторингтеу, кәсіби құжаттаманы жүргізу және цифрлық құралдарды пайдалану мәселелері біртұтас жүйеде әрдайым қамтыла бермейді. Сонымен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі аясындағы командалық өзара әрекеттесу, ата-аналармен жұмыс және кәсіби рефлексия мәселелері де жеткілікті деңгейде жүйеленбеген.

Ұсынылып отырған бағдарламаның айырмашылығы – сурдопедагогтің кәсіби қызметінің негізгі бағыттарын өзара байланыста қарастыруында. Бағдарлама мазмұнында нормативтік-құқықтық база, бағалау және диагностикалау, оқыту мен түзете-дамыту жұмысы, визуалды және цифрлық құралдарды қолдану, кәсіби құжаттаманы жүргізу, мониторинг пен рефлексия мәселелері кешенді түрде қамтылған.

Осыған байланысты ұсынылып отырған бағдарлама мазмұны, құрылымы және практикаға бағдарлануы тұрғысынан сурдопедагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған жүйелі білім беру бағдарламасы ретінде сипатталады. Бағдарлама есту қабілеті зақымдалған білім алушылармен жұмыс істейтін мамандардың қазіргі кәсіби сұраныстарына сәйкес келеді және олардың практикалық қызметін жетілдіруге мүмкіндік береді.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның мақсаты:

Сурдопедагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру, есту қабілеті зақымдалған білім алушыларға білім беру және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету саласында заманауи тәсілдерді меңгерту, сондай-ақ оқыту, түзете-дамыту, бағалау және мониторинг жүргізу бойынша практикалық дағдыларын дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

Сурдопедагог қызметін реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттар бойынша жүйелі білім қалыптастыру;

есту қабілеті зақымдалған білім алушылардың даму ерекшеліктерін бағалау және педагогикалық қорытынды жасау дағдыларын дамыту;

оқыту мен түзете-дамыту жұмысын жоспарлау және ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін меңгерту;

арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру, оқу мазмұнын бейімдеу және саралап оқыту жолдарын қарастыру;

психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі аясында мамандармен және ата-аналармен кәсіби өзара әрекеттесу дағдыларын жетілдіру;

цифрлық, визуалды және инновациялық құралдарды кәсіби қызметте тиімді қолдану дағдыларын дамыту;

кәсіби құжаттаманы жүргізу, нәтижелерді бағалау, мониторинг және рефлексия жүргізу тәсілдерін меңгерту;

сурдопедагогтің кәсіби дамуы мен әдістемелік белсенділігін қолдау.

Күтілетін нәтижелер:

Оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушы:

сурдопедагогтің кәсіби қызметін қолданыстағы нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкес ұйымдастырады;

есту қабілеті зақымдалған білім алушылардың даму ерекшеліктерін бағалап, педагогикалық қорытынды жасайды;

естіп қабылдауды, сөйлеуді және тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған түзете-дамыту жұмысын жүзеге асырады;

жеке, кіші топтық және топтық сабақтарды жоспарлап, ұйымдастырады;

арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру және оқу мазмұнын бейімдеу тәсілдерін қолданады;

білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жүргізіп, оқыту нәтижелерін талдайды;

ППҚҚ аясында мамандармен және ата-аналармен кәсіби өзара әрекеттесуді жүзеге асырады;

кәсіби қызметінде визуалды, цифрлық және инновациялық құралдарды тиімді пайдаланады;

сурдопедагогтің құжаттамасын жүргізіп, кәсіби рефлексия жасайды.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы – сурдопедагогтің кәсіби қызметінде тікелей қолданылатын білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталуымен айқындалады. Бағдарлама мазмұны есту қабілеті зақымдалған білім алушыларды оқыту, түзете-дамыту жұмысын ұйымдастыру, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, бағалау және мониторинг жүргізу бойынша нақты практикалық міндеттерді шешуге бағдарланған.

Оқу барысында тыңдаушылар ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, педагогикалық қорытынды жасау, оқу мазмұнын бейімдеу, арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру, сабақтарды жоспарлау, түзете-дамыту жаттығуларын іріктеу және кәсіби құжаттаманы жүргізу дағдыларын меңгереді. Сонымен қатар мамандармен және ата-аналармен тиімді өзара

әрекеттесу, білім алушылардың даму динамикасын бақылау және нәтижелерді талдау бойынша практикалық тәжірибе қалыптастырады.

Бағдарлама сурдопедагогтің кәсіби даярлығын күшейтуге, заманауи құралдарды тиімді қолдануға және есту қабілеті зақымдалған білім алушыларға көрсетілетін психологиялық-педагогикалық қолдаудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Модуль 1. Сурдопедагог қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері

Модульдің мақсаты:	Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі сурдопедагог қызметінің нормативтік-құқықтық, кәсіби және этикалық негіздері туралы, қолданыстағы заңнама талаптарын, стандарттарды және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (ППҚҚ) ерекшеліктерін ескере отырып, тыңдаушыларда тұтас түсінік қалыптастыру.
Модульдің міндеттері:	Педагогтің кәсіби стандарты мен сурдопедагогтің біліктілік сипаттамалары талаптарымен таныстыру; ППҚҚ құрамындағы сурдопедагогтің лауазымдық міндеттерінің құрылымы мен мазмұнын ашып көрсету; Сурдопедагогтің кәсіби этикасы мен деонтологиясының негіздерін зерделеу; Маманда кәсіби жауапкершілікке, құқықтық сауаттылыққа және этикалық мәдениетке деген көзқарас қалыптастыру.
Модульдің күтілетін нәтижелері:	Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттарды біледі; сурдопедагогтің құзыреттіліктері мен функцияларын айқындайтын кәсіби стандарттың негізгі ережелерін түсінеді; сурдопедагогтің біліктілік сипаттамасының мазмұнын меңгереді; психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрамындағы сурдопедагогтің рөлі мен жауапкершілігін түсінеді;

	білім беру ұйымында сурдопедагогтің жұмысын тиімді және қауіпсіз ұйымдастыруға қажетті кәсіби және этикалық нормаларды меңгереді.
Модуль сипаттамасы:	<p>Бұл модуль курсқа кіріспе болып табылады және сурдопедагогтің кейінгі кәсіби даярлығына қажетті нормативтік және әдіснамалық негізді қалыптастырады. Модуль аясында есту қабілеті зақымдалған білім алушыларға арнайы білім беру жағдайында сурдопедагогтың көмегін ұйымдастыруды реттейтін негізгі заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттар қарастырылады. Педагогтің кәсіби стандарты мен сурдопедагогке қойылатын біліктілік талаптары маманның кәсіби қызметін ұйымдастырудың негізгі нормативтік негіздері ретінде қарастырылады. Бұл құжаттар сурдопедагогтің құзыреттерін, кәсіби міндеттерін және қызмет бағыттарын жүйелі түсінуге мүмкіндік береді.</p> <p>Модульде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚК) құрамындағы сурдопедагогтің лауазымдық міндеттері, оның функционалдық рөлдері, білім алушылардың даму нәтижелеріне жауапкершілігі, сондай-ақ әріптестермен, ата-аналармен және білім алушылармен өзара әрекеттесу ерекшеліктері қарастырылады.</p> <p>Сондай-ақ сурдопедагогтің кәсіби қызметін сенім, педагогикалық әдептілік, білім алушының құқықтары мен құпиялылығын сақтау қағидаттарына негіздей отырып жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кәсіби этика және деонтология нормаларына ерекше назар аударылады.</p>

Модуль 2. Психологиялық-педагогикалық қолдау және командалық жұмыс

Модульдің мақсаты:	Есту қабілеті зақымдалған білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау
---------------------------	---

	көрсетудің мазмұны мен ерекшеліктері туралы, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚҚ) аясында тиімді командалық өзара әрекеттесуді ұйымдастыру қағидаттарын ескере отырып, тыңдаушыларда жүйелі түсінік қалыптастыру.
Модульдің міндеттері:	Есту қабілеті зақымдалған балалардың психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктерін зерделеу; Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен негізгі бағыттарын ашып көрсету; ППҚҚ құрамындағы мамандардың өзара әрекеттесу механизмдерін қарастыру; Ата-аналармен және педагогтермен тиімді кәсіби коммуникация дағдыларын дамыту; Психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру тәсілдерін меңгерту.
Модульдің күтілетін нәтижелері:	Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: Есту қабілеті зақымдалған білім алушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін түсінеді; Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттарын анықтай алады; Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрамында тиімді жұмыс істеу дағдыларын меңгереді; Ата-аналармен және мамандармен кәсіби өзара әрекеттесуді ұйымдастыра алады; Психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісін жоспарлап, ұйымдастыра алады.
Модуль сипаттамасы:	Бұл модуль сурдопедагогтің кәсіби қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі – психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін ұйымдастыру мәселелеріне арналған. Модуль аясында есту қабілеті

	<p>зақымдалған балалардың психологиялық, танымдық және әлеуметтік даму ерекшеліктері қарастырылады, олардың білім алу процесінде кездесетін қиындықтары мен қажеттіліктері талданады.</p> <p>Модульде психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны, бағыттары және негізгі қағидаттары ашылады. Білім алушыларды қолдау барысында диагностикалық, түзете-дамыту және әлеуметтік бейімдеу жұмыстарының өзара байланысы қарастырылады.</p> <p>Сондай-ақ модуль психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚҚ) аясындағы командалық жұмысты ұйымдастыруға ерекше назар аударады. Сурдопедагогтің психологтармен, логопедтермен, әлеуметтік педагогтармен және пән мұғалімдерімен бірлесіп жұмыс істеу ерекшеліктері, кәсіби коммуникация және жауапкершілікті бөлу мәселелері талқыланады.</p> <p>Ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесу, кеңес беру және оларды білім беру процесіне тарту жолдары қарастырылады. Сонымен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісін жоспарлау, арнайы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру және қолдау нәтижелерін талдау тәсілдері ұсынылады.</p> <p>Модуль тыңдаушыларда кешенді қолдау көрсетуге бағытталған кәсіби ойлау мен командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.</p>
--	--

Модуль 3. Есту қабілеті зақымдалған балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау

Модульдің мақсаты:	Есту қабілеті зақымдалған білім алушылардың ерекше білім беру
--------------------	---

	қажеттіліктерін анықтау, бағалау үдерісінің мазмұны мен заманауи тәсілдері туралы түсінік қалыптастыру, сондай-ақ алынған нәтижелер негізінде педагогикалық қорытынды жасау және түзете-дамыту жұмысын жоспарлау дағдыларын дамыту.
Модульдің міндеттері:	<p>Есту қабілеті зақымдалған балаларды кешенді зерттеудің заманауи тәсілдерін зерделеу;</p> <p>Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау әдістері мен құралдарын меңгерту;</p> <p>Деректерді жинау, талдау және интерпретациялау дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Бағалау нәтижелері негізінде педагогикалық қорытынды жасау тәсілдерін қарастыру;</p> <p>Бағалау мен мониторинг нәтижелерін түзете-дамыту жұмысына енгізу жолдарын меңгерту.</p>
Модульдің күтілетін нәтижелері:	<p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы:</p> <p>Есту қабілеті зақымдалған балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау тәсілдерін меңгереді;</p> <p>Кешенді бағалау әдістерін қолдана алады;</p> <p>Бағалау құралдарын тиімді пайдаланып, алынған нәтижелерді талдай алады;</p> <p>Педагогикалық қорытынды жасап, білім алушының даму ерекшеліктерін сипаттай алады;</p> <p>Бағалау нәтижелерін түзете-дамыту және оқыту процесін жоспарлауда қолдана алады.</p>
Модуль сипаттамасы:	Бұл модуль сурдопедагогтің кәсіби қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі – ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және диагностикалау мәселелеріне арналған. Модуль аясында есту қабілеті зақымдалған балалардың даму

	<p>ерекшеліктерін анықтауға бағытталған кешенді зерттеу тәсілдері қарастырылады;</p> <p>Модульде заманауи бағалау әдістері мен құралдар, оның ішінде бақылау, құрылымдалған тапсырмалар, тестілеу және функционалдық бағалау тәсілдері талданады; Ерекше назар баланың тілдік, коммуникативтік, танымдық және әлеуметтік даму деңгейін кешенді бағалауға аударылады;</p> <p>Бағалау нәтижелерін жүйелеу, талдау және интерпретациялау мәселелері қарастырылады;</p> <p>Тыңдаушылар педагогикалық қорытынды жасауды, баланың күшті және әлсіз жақтарын анықтауды, сондай-ақ оның білім беру қажеттіліктерін нақтылауды үйренеді.</p> <p>Модульде алынған диагностикалық деректер негізінде арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру, түзете-дамыту жұмысының мазмұнын жоспарлау және оқу процесін бейімдеу жолдары көрсетіледі.</p> <p>Сонымен қатар бағалау нәтижелерін мониторинг жүргізуде және білім алушының даму динамикасын бақылауда қолдану ерекшеліктері қарастырылады.</p> <p>Модуль тыңдаушыларда деректерге негізделген кәсіби шешім қабылдау және білім алушыларды тиімді қолдауға бағытталған диагностикалық құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.</p>
--	--

Модуль 4. Сурдопедагогтің оқыту және түзете-дамыту жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылуы

Модульдің мақсаты:	Бұл тақырып сурдопедагогтің есту қабілеті зақымдалған білім алушылармен жүргізетін оқыту және түзете-дамыту жұмысының мазмұнын, құрылымын және
--------------------	--

	<p>ұйымдастыру ерекшеліктерін қарастыруға бағытталған. Оқыту процесін дараландыру, арнайы әдістерді қолдану және білім алушылардың тілдік, танымдық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету жолдары қарастырылады.</p>
Модульдің міндеттері:	<p>Сурдопедагогтің оқыту және түзете-дамыту жұмысының мақсаттары мен міндеттері; Есту қабілеті зақымдалған балалардың тілдік, коммуникативтік және танымдық дамуын қалыптастыру ерекшеліктері; Естіп қабылдауды, сөйлеуді және тілдік дағдыларды дамыту әдістері; Жеке, кіші топтық және топтық сабақтарды ұйымдастыру қағидаттары; Арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру ерекшеліктері; Оқыту мазмұнын бейімдеу және саралап оқыту тәсілдері; Оқу жетістіктерін бағалау және түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін мониторингтеу; Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі аясында оқыту процесін ұйымдастыру ерекшеліктері.</p>
Модульдің күтілетін нәтижелері:	<p>Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: сурдопедагогтің оқыту және түзете-дамыту жұмысының құрылымын түсінеді; есту қабілеті зақымдалған білім алушылармен жұмыс істеудің тиімді әдістерін қолдана алады; жеке және топтық сабақтарды жоспарлап, ұйымдастыра алады; арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру және оқу мазмұнын бейімдеу тәсілдерін меңгереді; оқыту нәтижелерін бағалап, мониторинг жүргізе алады;</p>

	<p>білім алушылардың даму ерекшеліктеріне сәйкес оқу процесін бейімдей алады.</p>
<p>Модуль сипаттамасы:</p>	<p>Бұл модуль сурдопедагогтің кәсіби қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі – оқыту және түзете-дамыту жұмысын ұйымдастыру мәселелеріне арналған. Модуль аясында есту қабілеті зақымдалған білім алушыларды оқытудағы ерекшеліктер, олардың тілдік, коммуникативтік және танымдық дамуын қамтамасыз ету жолдары қарастырылады.</p> <p>Модульде естіп қабылдауды, сөйлеуді және тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған арнайы әдістер мен тәсілдер талданады. Сонымен қатар жеке, кіші топтық және топтық сабақтарды ұйымдастырудың тиімді формалары, оқу процесін құрылымдау мен жоспарлау ерекшеліктері қарастырылады.</p> <p>Арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру және оқу мазмұнын білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеу мәселелеріне ерекше назар аударылады. Тыңдаушылар саралап оқыту мен жеке білім беру траекториясын құру тәсілдерін меңгереді. Модульде оқу жетістіктерін бағалау, түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін талдау және білім алушылардың даму динамикасын мониторингтеу мәселелері де қарастырылады. Бұл педагогке деректерге негізделген шешім қабылдауға және оқыту процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.</p> <p>Модуль тыңдаушыларда практикалық бағытталған кәсіби дағдыларды қалыптастыруға және арнайы білім беру жағдайында тиімді оқыту мен қолдау көрсетуге дайындықты қамтамасыз етуге бағытталған.</p>

Модуль 5. Сурдопедагог қызметіндегі заманауи технологиялар мен тиімді практикалар

Модульдің мақсаты:	Сурдопедагогтің кәсіби қызметінде заманауи педагогикалық, цифрлық және инновациялық технологияларды тиімді қолдану бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру, оқыту және түзете-дамыту процесін дараландыруға бағытталған құралдарды меңгерту.
Модульдің міндеттері:	Сурдопедагогтің кәсіби қызметінде қолданылатын заманауи педагогикалық технологияларды зерделеу; Визуалды және арнайы оқыту құралдарын тиімді пайдалану тәсілдерін меңгерту; Цифрлық білім беру ресурстары мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану жолдарын қарастыру; Саралап және жеке бағдарланған оқыту тәсілдерін қолдану дағдыларын дамыту; Инновациялық технологияларды білім беру процесіне кіріктіру жолдарын меңгерту.
Модульдің нәтижелері: күтілетін	Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: Сурдопедагог қызметінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдана алады; Визуалды және арнайы оқыту құралдарын тиімді пайдаланады; Цифрлық білім беру ресурстарын және жасанды интеллект негізіндегі құралдарды қолданады; Білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес саралап және даралап оқытуды жүзеге асырады; Инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, оқыту және түзете-дамыту жұмысының тиімділігін арттыра алады.
Модуль сипаттамасы:	Бұл модуль сурдопедагогтің кәсіби қызметінде заманауи технологияларды

	<p>қолдану мәселелеріне арналған. Модуль аясында оқыту процесін жетілдіруге бағытталған инновациялық педагогикалық тәсілдер, цифрлық құралдар және тиімді практикалар қарастырылады;</p> <p>Модульде визуалды қолдау, арнайы оқыту құралдары, мультимедиалық ресурстар және интерактивті әдістерді қолдану ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар есту қабілеті зақымдалған білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес ақпаратты ұсынудың тиімді жолдары қарастырылады;</p> <p>Цифрлық білім беру ресурстары мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану мәселелеріне ерекше назар аударылады. Тыңдаушылар цифрлық платформалар, қосымшалар және инновациялық құралдар арқылы оқыту процесін дараландыру және білім алушылардың даму динамикасын бақылау тәсілдерін меңгереді;</p> <p>Модульде саралап және жеке бағдарланған оқыту тәсілдері, білім алушылардың ерекшеліктеріне сәйкес оқу мазмұнын бейімдеу және тиімді педагогикалық практикаларды қолдану жолдары ұсынылады;</p> <p>Модуль тыңдаушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамытуға, инновациялық ойлауын қалыптастыруға және заманауи білім беру талаптарына сәйкес кәсіби қызметті жүзеге асыруға бағытталған.</p>
--	---

Модуль 6. Сурдопедагогтің кәсіби дамуы және рефлексиясы

Модульдің мақсаты:	Сурдопедагогтің кәсіби дамуын қамтамасыз ету, рефлексия дағдыларын қалыптастыру және үздіксіз білім алу, зерттеу және өзін-өзі жетілдіру арқылы
--------------------	---

		кәсіби қызмет сапасын арттыруға бағытталған құзыреттерді дамыту.
Модульдің міндеттері:		Сурдопедагогтің кәсіби дамуының негізгі бағыттарын зерделеу; Кәсіби рефлексия жүргізу және өзін-өзі талдау дағдыларын қалыптастыру; Зерттеу және жобалау қызметінің негіздерін меңгерту; Педагогтің аттестациясы мен кәсіби дамуын жоспарлау ерекшеліктерін қарастыру; Цифрлық портфолио қалыптастыру және кәсіби тәжірибені ұсыну тәсілдерін меңгерту.
Модульдің нәтижелері:	күтілетін	Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушы: Өзінің кәсіби қызметін талдап, рефлексия жүргізе алады; Кәсіби даму қажеттіліктерін анықтап, жеке даму траекториясын жоспарлайды; Зерттеу және жобалау қызметін жүзеге асыра алады; Аттестация талаптарына сәйкес кәсіби қызметін жүйелей алады; Цифрлық портфолио әзірлеп, кәсіби тәжірибесін ұсына алады.
Модуль сипаттамасы:		Бұл модуль сурдопедагогтің кәсіби дамуы мен рефлексиясына арналған. Модуль аясында педагогтің кәсіби өсуін қамтамасыз ететін негізгі бағыттар, оның ішінде үздіксіз білім алу, өзін-өзі жетілдіру және кәсіби тәжірибені талдау мәселелері қарастырылады; Модульде кәсіби рефлексияның мәні, оның түрлері мен әдістері талданып, педагогтің өз қызметін бағалау және жетілдіру тәсілдері ұсынылады. Сонымен қатар зерттеу және жобалау қызметінің негіздері қарастырылып, тыңдаушылар өз тәжірибесін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талдауға үйренеді; Педагогтің аттестациясы, кәсіби дамуын жоспарлау және кәсіби стандарт

	<p>талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мәселелері де қамтылады. Тыңдаушылар кәсіби жетістіктерін жүйелеу, құжаттау және ұсыну дағдыларын меңгереді;</p> <p>Модульде цифрлық портфолио қалыптастыру, кәсіби тәжірибені көрсету және тарату тәсілдері қарастырылады. Бұл педагогтің кәсіби имиджін қалыптастыруға және тәжірибесін кеңінен таратуға мүмкіндік береді;</p> <p>Модуль тыңдаушылардың үздіксіз кәсіби дамуға дайындығын қалыптастыруға, өзін-өзі жетілдіруге ынталандыруға және заманауи талаптарға сәйкес кәсіби қызметті жүзеге асыруға бағытталған.</p>
--	--

80 академиялық сағатқа арналған аудиториялық оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Д ә р і с	Пра кти ка лық саба қ	С е м и на р	Ба р лығы
1	Сурдопедагог қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері				16
1.1	Есту қабілеті бұзылған білім алушыларға білім берудің нормативтік-құқықтық негіздері	2	1	1	4
1.2	Есту қабілеті бұзылған балаларға көрсетілетін сурдопедагог көмегінің мазмұны	2	1	1	4
1.3	Сурдопедагогтың кәсіби құзыреттері мен қызмет бағыттары	2	1	1	4
1.4	Сурдопедагог қызметіндегі негізгі құжаттарды рәсімдеу	2	1	1	4
2	Модуль 2. Психологиялық-педагогикалық қолдау және командалық жұмыс				12

2.1	Есту қабілеті зақымдалған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	1	1	1	3
2.2	Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен негізгі бағыттары	1	1	1	3
2.3	Ата-аналармен және мамандар командасымен тиімді жұмыс жүргізу	1	1	1	3
2.4	Психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру	1	1	1	3
3	Модуль 3. Есту қабілеті зақымдалған балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау				12
3.1	Есту қабілеті зақымдалған балаларды кешенді зерттеудегі заманауи тәсілдер	2	1	1	4
3.2	Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау әдістері мен құралдары	2	1	1	4
3.3	Бағалау нәтижелерін талдау және педагогикалық қорытынды жасау	2	1	1	4
4	Сурдопедагогтің оқыту және түзете-дамыту жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылуы				16
4.1	Сурдопедагогтің оқыту және түзете-дамыту жұмысының ерекшеліктері	2	1	1	4
4.2	Естіп қабылдауды, сөйлеуді және тілдік дағдыларды дамыту әдістері	1	1	1	3
4.3	Жеке, кіші топтық және топтық сабақтарды ұйымдастыру	1	1	1	3
4.4	Есту қабілеті зақымдалған білім алушыларға арналған арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру және оқу жетістіктерін бағалау	1	1	1	3
4.5	Оқыту және түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін мониторингтеу	1	1	1	3

5	Модуль 5. Сурдопедагог қызметіндегі заманауи технологиялар мен тиімді практикалар				12
5.1	Сурдопедагог жұмысындағы заманауи педагогикалық технологиялар	1	1	1	3
5.2	Визуалды және арнайы оқыту құралдарын тиімді пайдалану	1	1	1	3
5.3	Цифрлық білім беру ресурстары мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану	1	1	1	3
5.4	Саралап және жеке бағдарланған оқыту тәсілдері	1	1	1	3
6	Модуль 6. Сурдопедагогтің кәсіби дамуы және рефлексиясы				12
6.1	Сурдопедагогтің зерттеу және жобалау қызметі	2	1	1	4
6.2	Сурдопедагогтің аттестациясы және кәсіби дамуын сүйемелдеу	2	1	1	4
6.3	Сурдопедагогтің цифрлық портфолиосы: мазмұны, құралдары және рәсімдеу жолдары	2	1	1	4
Барлығы					80

80 академиялық сағатқа арналған қашықтан оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыптары	В и д е о с а б а қ т а р	В е б и н а р	Т ы ң д а у ш ы н ы ң ө з і ң д і к ж ұ м ы с т а р ы	Ба р л ы ғ ы
1	Сурдопедагог қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері				16
1.1	Есту қабілеті бұзылған білім алушыларға білім берудің нормативтік-құқықтық негіздері	2	1	1	4
1.2	Есту қабілеті бұзылған балаларға көрсетілетін сурдопедагог көмегінің мазмұны	2	1	1	4
1.3	Сурдопедагогтың кәсіби құзыреттері мен қызмет бағыттары	2	1	1	4
1.4	Сурдопедагог қызметіндегі негізгі құжаттарды рәсімдеу	2	1	1	4
2	Модуль 2. Психологиялық-педагогикалық қолдау және командалық жұмыс				12
2.1	Есту қабілеті зақымдалған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	1	1	1	3
2.2	Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен негізгі бағыттары	1	1	1	3
2.3	Ата-аналармен және мамандар командасымен тиімді жұмыс жүргізу	1	1	1	3

2.4	Психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру	1	1	1	3
3	Модуль 3. Есту қабілеті зақымдалған балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау				12
3.1	Есту қабілеті зақымдалған балаларды кешенді зерттеудегі заманауи тәсілдер	2	1	1	4
3.2	Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау әдістері мен құралдары	2	1	1	4
3.3	Бағалау нәтижелерін талдау және педагогикалық қорытынды жасау	2	1	1	4
4	Сурдопедагогтің оқыту және түзете-дамыту жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылуы				16
4.1	Сурдопедагогтің оқыту және түзете-дамыту жұмысының ерекшеліктері	2	1	1	4
4.2	Естіп қабылдауды, сөйлеуді және тілдік дағдыларды дамыту әдістері	1	1	1	3
4.3	Жеке, кіші топтық және топтық сабақтарды ұйымдастыру	1	1	1	3
4.4	Есту қабілеті зақымдалған білім алушыларға арналған арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру және оқу жетістіктерін бағалау	1	1	1	3
4.5	Оқыту және түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін мониторингтеу	1	1	1	3
5	Модуль 5. Сурдопедагог қызметіндегі заманауи технологиялар мен тиімді практикалар				12
5.1	Сурдопедагогке арналған ЖИ-ассистенттер: сабақ жаттығуларды іріктеу	1	1	1	3

5.2	Сурдопедагог жұмысындағы заманауи педагогикалық технологиялар	1	1	1	3
5.3	Визуалды және арнайы оқыту құралдарын тиімді пайдалану	1	1	1	3
5.4	Цифрлық білім беру ресурстары мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану	1	1	1	3
6	Модуль 6. Сурдопедагогтің кәсіби дамуы және рефлексиясы				12
6.1	Сурдопедагогтің зерттеу және жобалау қызметі	2	1	1	4
6.2	Сурдопедагогтің аттестациясы және кәсіби дамуын сүйемелдеу	2	1	1	4
6.3	Сурдопедагогтің цифрлық портфолиосы: мазмұны, құралдары және рәсімдеу жолдары	2	1	1	4
Барлығы					80

6. Оқу процесін ұйымдастыру

«Сурдопедагогтің кәсіби қызметіндегі заманауи тәсілдер мен практикалық құралдар» атты біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша оқу процесі модульдік құрылымды, практикаға бағытталған форматтарды және заманауи цифрлық білім беру технологияларын қолдану арқылы ұйымдастырылады.

Бағдарламаны іске асыру көлемі:

80 академиялық сағат

Оқыту формалары:

Аудиториялық (күндізгі): дәрістер, практикалық сабақтар, семинарлар оқытушының тікелей қатысуымен және практикалық-бағытталған өзара әрекеттесу арқылы жүргізіледі.

Қашықтан: бейнедәрістер, вебинарлар, онлайн ортадағы тапсырмалар, қолдау көрсету және қорытынды аттестация онлайн-форматта ұйымдастырылады.

Оқу процесінің құрылымы келесі компоненттерден тұрады:

Бейнесабақтар: әр модуль бойынша асинхронды лекциялық блоктар, презентациялармен, сызбалармен, әдістемелік түсініктемелермен және сурдопедагогикалық тәжірибеден нақты мысалдармен қамтамасыз етіледі.

Вебинарлар: оқытушымен синхронды онлайн кездесулер, онда кейстер талқыланып, құжаттама, бағдарламалар және ППКҚ мүшелерімен өзара әрекеттесу мәселелері қарастырылады.

Дәрістер: Арнайы білім беру жүйесіндегі сурдопедагог қызметінің теориялық негіздері, бағалау, түзете-дамыту, кәсіби стандарттар бойынша өзекті тәсілдер (күндізгі немесе қашықтан).

Практикалық сабақтар: есту қабілеті зақымдалған білім алушылардың даму карталары мен педагогикалық қорытындыларын талдау, арнайы оқу бағдарламаларын іске асыру тәжірибесін қарастыру, түзете-дамыту жаттығуларын әзірлеу, естіп қабылдауды және сөйлеуді дамытуға арналған тапсырмалар дайындау, визуалды және цифрлық құралдарды қолдану, білім алушылардың даму динамикасына қатысты кейстерді талдау.

Семинарлар: тәжірибе алмасу, деонтология тақырыптары бойынша пікірталастар, ата-аналармен өзара әрекеттесу, пәнаралық командада жұмыс істеу, қызметтің нормативтік негіздерін талқылау.

Тыңдаушының өздік жұмысы: арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыру тәжірибесін талдау, түзете-дамыту бағдарламаларын әзірлеу, сурдопедагог сабақтарының бейнежазбаларын талдау, есту қабілеті зақымдалған білім алушылармен жұмысқа арналған әдістемелік материалдар әзірлеу, нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс істеу, кәсіби рефлексия жүргізу.

Қорытынды аттестаттау: модульдер мазмұны бойынша тестілеу, қорытынды жобаны қорғау (түзете-дамыту бағдарламасы, бағдарлама фрагменті, сурдопедагогке арналған әдістемелік әзірleme), практикалық кейсті талдау және нәтижелерді сараптамалық бағалау негізінде презентациялау.

Бақылау және кері байланыс түрлері:

Әр модульдегі ағымдағы тапсырмалар (практикалық кейстер, шағын жобалар, бақылау блоктары);

Онлайн-платформа, форум немесе қолдау чаттары арқылы сүйемелдеу;

Қорытынды жұмысты сараптамалық бағалау (күндізгі немесе қашықтан).

Қашықтан оқытуға арналған техникалық жағдайлар:

Білім беру платформаларына қолжетімділік (Google Classroom, Moodle, Microsoft Teams және т.б.);

Вебинарларды өткізу үшін Zoom немесе Google Meet платформаларын қолдану;

Цифрлық оқу контенті: бейнематериалдар, нормативтік-әдістемелік ресурстар, құжаттама үлгілері.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

Әр модуль бойынша оқу-әдістемелік кешендер;

Өзіндік және практикалық жұмыстарға арналған тапсырмалар;

Бағалау карталары, педагогикалық қорытындылар, арнайы оқу бағдарламаларын іске асыруға арналған материалдар, жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларының үлгілері.

Жаттығулар, тренажерлер, цифрлық қосымшаларға қолжетімділік;

Қорытынды тапсырма (қорғау, презентация немесе сараптамалық рецензиялау мүмкіндігімен).

Оқу процесін ұйымдастыру келесі негіздерді ескереді:

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламаларына қойылатын қолданыстағы нормативтік талаптарды;

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚК) құрамындағы сурдопедагогтің кәсіби қызметінің ерекшеліктерін;

Икемділік, практикалық бағдар, қолжетімділік және бағдарламаның цифрлық үйлесімділігі қағидаларын.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Біліктілікті арттыру бағдарламасының оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі модульдік, практикаға бағытталған оқыту, рефлексиялық тәсіл және тыңдаушылардың кәсіби тәжірибесін өзектілендіру қағидаларына негізделген.

Бағдарлама өзара байланысқан алты модульден тұрады, олардың әрқайсысы нормативтік-құқықтық базаны меңгеруге, сурдопедагогтің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға, есту қабілеті зақымдалған білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін диагностикалау, оқыту және түзете-дамыту әдістерін игеруге, сондай-ақ цифрлық технологиялар мен заманауи педагогикалық шешімдерді қолдануға бағытталған дидактикалық материалдар кешенімен қамтамасыз етілген.

Әрбір модульдің әдістемелік құрылымы:

Теориялық блок

Презентациялармен қамтамасыз етілген дәрістер және бейнедәрістер;

Авторлық түсіндірме мәтіндері және нормативтік-құқықтық базадан үзінділер (кәсіби стандарт, сурдопедагогтің біліктілік сипаттамасы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрықтары және т.б.);

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының, Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының және ЮНЕСКО-ның материалдары, сондай-ақ арнайы педагогика саласындағы өзекті цифрлық ресурстар.

Тәжірибеге бағытталған блок

Әдістемелік кейстер, білім алушылардың даму карталары, педагогикалық профильдер;

Үлгілер: педагогикалық қорытынды, арнайы оқу бағдарламаларын іске асыруға арналған материалдар, жеке дамыту бағдарламасы, түзете-дамыту бағдарламасы, тексеру материалдары;

Кестелер: есту қабілеті зақымдалған білім алушылардың даму ерекшеліктерін салыстыру, қолдау және оқыту технологияларын іріктеу, даму динамикасын мониторингтеу, түзете-дамыту жаттығуларын жоспарлау.

Бақылау-бағалау блогы

Жеке және топтық жұмысқа арналған тапсырмалар;

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар, практикалық тренингтер, кейстерді талдау;

Өзін-өзі бағалау критерийлері: чек-парақтар, құзыреттіліктерді дамыту матрицалары, рефлексия парақтары, шағын диагностикалық тесттер.

Жалпы дидактикалық сүйемелдеу:

Материалдардың әр түрімен жұмыс бойынша әдістемелік ұсынымдар;

Модульдер бойынша жеке оқу траекториялары (модульдерді тыңдаушы ыңғайлы кестемен меңгере алады);

LMS-платформасында (Google Classroom, Moodle, Teams) электрондық курсқа қолжетімділік:

дәрістер мен презентациялар;

нормативтік база;

тапсырмалар мен үлгілер;

рефлексиялық құралдар;

жеке және топтық жұмысқа арналған тапсырмалар (диагностика жүргізу, жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларын әзірлеу, түзете-дамыту жаттығуларын жоспарлау).

Чаттар, консультациялар, форумдар арқылы тыңдаушыларды сүйемелдеу;

Бағалау критерийлері: кестелер, қорытынды жобаны бағалау парақтары, чек-парақтар, сурдопедагогтың негізгі іс-әрекеттері бойынша рубрикаторлар.

Модульдік оқу-әдістемелік мазмұны:

Модуль 1. Сурдопедагог қызметінің нормативтік-құқықтық және кәсіби негіздері

Материал: «лауазымдық міндеттер – кәсіби стандарт – сурдопедагогтің біліктілігі» кестесі;

Интерактив: кәсіби құзыреттілік картасы;

Өзін-өзі бағалау: «Менің кәсіби жауапкершілік аймағым» чек-парағы;

Тапсырма: ППҚҚ құрамындағы сурдопедагогтің функционалдық профилін жасау.

Модуль 2. Психологиялық-педагогикалық қолдау және командалық жұмыс

Психологиялық-педагогикалық қолдау әдістерінің жинағы;

Білім алушының даму профилінің үлгісі және толтырылған мысалы;

Кейспен жұмыс: білім алушының даму ерекшеліктерін талдау және интерпретациялау;

ППҚҚ аясындағы өзара әрекеттесу сценарийлері мен коммуникациялық модельдер;

Өзін-өзі бағалау: кәсіби коммуникация және командалық жұмыс дағдыларының деңгейін анықтау шкаласы.

Модуль 3. Есту қабілеті зақымдалған балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау.

Диагностикалық әдістер мен құралдардың жинағы;

Педагогикалық қорытындының үлгісі және оны рәсімдеу мысалдары;

Кейспен жұмыс: білім алушының даму профилін талдау және бағалау нәтижелерін интерпретациялау;

Цифрлық диагностикалық құралдар мен жасанды интеллект элементтерін қолдану мысалдары;

Өзін-өзі бағалау: диагностиканы жүргізудегі кәсіби сенімділік шкаласы.

Модуль 4. Сурдопедагогтің оқыту және түзете-дамыту жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылуы

Материал: есту қабілеті зақымдалған білім алушылардың тілдік, коммуникативтік және танымдық дамуын қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулықтар, арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыруға арналған материалдар, түзете-дамыту жұмысының құрылымдық схемалары;

Интерактив: оқыту және түзете-дамыту сабақтарының модельдерін талдау, тиімді педагогикалық тәсілдерді іріктеу, сабақ құрылымын жобалау;

Практикум: білім алушының даму профилі негізінде жеке, кіші топтық және топтық сабақтардың жоспарын құрастыру, түзете-дамыту жаттығуларын әзірлеу;

Үлгілер: Сабақ жоспарлары, түзете-дамыту бағдарламалары, оқу жетістіктерін бағалау және мониторинг жүргізу құралдары;

Кестелер: оқыту әдістері мен түзете-дамыту тәсілдерін салыстыру, білім алушылардың даму динамикасын мониторингтеу, тапсырмаларды саралап іріктеу;

Өзін-өзі бағалау: «Менің оқыту және түзете-дамыту жұмысымды жоспарлау деңгейім» чек-парағы, педагогикалық тиімділік көрсеткіштері.

Модуль 5. Сурдопедагог қызметіндегі заманауи технологиялар мен тиімді практикалар

Материал: заманауи педагогикалық технологиялар, визуалды және арнайы оқыту құралдары, цифрлық білім беру ресурстары, мультимедиалық материалдар және жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдануға арналған әдістемелік нұсқаулықтар;

Интерактив: цифрлық құралдар мен геймификация элементтерін қолдану арқылы оқыту тапсырмаларын талдау, тиімді технологияларды іріктеу;

Практикум: сурдопедагогке арналған цифрлық әдістемелік әзірleme дайындау (визуалды тапсырмалар, мультимедиалық жаттығулар, онлайн ресурстар жинағы), оқу процесіне технологияларды кіріктіру.

Үлгілер: цифрлық оқу материалдары, визуалды қолдау құралдары, интерактивті тапсырмалар, онлайн платформаларда қолдануға арналған ресурстар;

Кестелер: педагогикалық технологияларды салыстыру, цифрлық құралдарды іріктеу критерийлері, оқыту процесін дараландыру модельдері;

Өзін-өзі бағалау: «Менің цифрлық құзыреттілігім» чек-парағы, заманауи технологияларды қолдану деңгейін анықтау шкаласы.

Модуль 6. Сурдопедагогтің кәсіби дамуы және рефлексиясы

Материал: сурдопедагогтің кәсіби дамуының бағыттары, кәсіби стандарт талаптары, үздіксіз білім алу мүмкіндіктері, цифрлық портфолио жүргізу және әдістемелік материалдарды рәсімдеу бойынша нұсқаулықтар;

Интерактив: кәсіби даму траекториясын жоспарлау, рефлексиялық тапсырмалар орындау, тәжірибе алмасу және кәсіби жағдайларды талдау;

Практикум: цифрлық портфолио әзірлеу, авторлық әдістемелік материал немесе шағын жоба дайындау, кәсіби жетістіктерді жүйелеу;

Үлгілер: цифрлық портфолио құрылымы, әдістемелік әзірлемелер, авторлық бағдарламалар, кәсіби даму жоспарының үлгілері;

Кестелер: кәсіби құзыреттіліктерді дамыту матрицасы, кәсіби өсу кезеңдері, аттестацияға дайындық жоспары;

Өзін-өзі бағалау: «Менің кәсіби даму деңгейім» чек-парағы, рефлексия парақтары, кәсіби мақсаттарды анықтау құралдары.

Оқу материалдарының форматтары:

PDF-брошюралар, интерактивті кестелер және үлгілер (Google Docs, Sheets);

Бейнетүсіндірмелер, презентациялар, глоссарийлер;

Тапсырмаларды орындау бойынша нұсқаулықтар мен парақтар;

Ерекше білім беруді қажет ететін тыңдаушыларға арналған бейімделген материалдар;

Нормативтік құжаттар бойынша екі тілді ресурстар (қазақша-орысша терминология).

Қорытынды әдістемелік сүйемелдеу:

қорытынды жобаны (түзете-дамыту бағдарламасы, әдістемелік әзірleme, оқу бағдарламасының фрагменті) дайындау және қорғау бойынша консультациялар;

оқу материалдарын, түзете-дамыту бағдарламаларын, презентацияларды және цифрлық портфолионы рәсімдеу бойынша әдістемелік қолдау.

Бағалау критерийлері: жүзеге асыру мүмкіндігі, практикалық бағыттылық, нормативтік талаптарға сәйкестік, педагогикалық тиімділік.

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі:

Сурдопедагогиканың кәсіби және нормативтік контекстін терең түсінуді;

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚК) аясындағы сурдопедагогтің қолданбалы құралдарын дамытуды;

Пәнаралық және командалық жұмыс жағдайына тиімді бейімделуді;

Есту қабілеті зақымдалған білім алушыларды оқыту, түзете-дамыту және сүйемелдеу дағдыларын жетілдіруді;

Сурдопедагогтің кәсіби даму траекториясын жоспарлау және жүзеге асыру қабілетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Модульдер бойынша өзін-өзі бағалаудың типтік критерийлері:

Критерийлер	Бағаланатын аспектілер	Бағалау шкаласы (мысал)
Модуль мазмұнын түсіну	Тақырыптың негізгі ұғымдарын,	1 – түсінбедім → 5 – толық түсіндім

	нормативтік негіздерін, мақсаттары мен міндеттерін білу	
Практикада қолдану мүмкіндігі	Оқылған материалды өз қызметінде қолдану қабілеті	1 – қиындық туады → 5 – жеңіл енгіземін
Әрекеттегі сенімділік	Диагностикалық, түзете, әдістемелік міндеттерді орындаудағы сенімділік	1 – сенімсіз → 5 – сенімдімін
Құралдарды пайдалану	Шаблондарды, нормативтік актілерді, чек-парақтарды, цифрлық ресурстарды қолдану қабілеті	1 – қолданбаймын → 5 – үнемі қолданамын
Командалық өзара әрекеттесу	Ынтымақтастыққа дайындық, ППҚҚ жұмысына қатысу, әріптестермен және ата-аналармен өзара әрекеттесу	1 – қиындықтар бар → 5 – тиімді әрекет етемін
Рефлексия және даму	Өз қызметін талдау және өсу мақсаттарын қою қабілеті	1 – талдамаймын → 5 – тұрақты рефлексия жасаймын

Тыңдаушылардың өзін-өзі бағалау формалары

Өзін-өзі бағалау – бағдарламаның маңызды компоненті, ол сурдопедагогтың рефлексиялық және кәсіби дағдыларын дамытуға, сондай-ақ мазмұнды меңгеру барысында жеке өсу динамикасын түсінуге бағытталған.

Өзін-өзі бағалау құралдары әр модуль бойынша және бағдарламаның қорытынды бөлімінде ұсынылады. Олар ішкі мотивацияны қалыптастыруға, дамуға бағдарлануға және кәсіби жаңаруға дайындыққа ықпал етеді. Барлық материалдар оқу-әдістемелік пакетке енгізілген және қолдану бойынша нұсқаулықтармен сүйемелденеді.

Модульдер аясындағы өзін-өзі бағалаудың кезеңдік формалары:

Модульдік чек-парақтар

Тыңдаушы әр модуль бойынша негізгі дағдылар мен түсініктерді меңгеру деңгейін бағалайды (Google Forms, Word немесе қағаз түрінде ұсынылуы мүмкін).

«Жеке жетістіктер парағы»

Форматы: «дейін/кейін» графасы (модульді оқуға дейінгі және кейінгі игерілген дағдыларды көрсетеді) — жеке прогресті тіркеуге көмектеседі.

Сурдопедагогтың құзыреттілік картасы

Негізгі кәсіби функцияларды қамтитын өз бетінше толтырылатын кесте, мұнда қатысушы қалыптасу деңгейін белгілейді (бастапқыдан сенімді игеруге дейін).

Рефлексиялық күнделік (қалауы бойынша)

Бағдарламаны меңгеру барысында туындайтын қиындықтар, жетістіктер, ойлар туралы қысқаша жазбалар. Еркін формада ұсынылуы мүмкін.

«Менің даму аймақтарым» қорытынды кестесі

Әрі қарай дамытуды қажет ететін құзыреттіліктерді талдау. Әр модульдің соңында немесе бүкіл бағдарламаның соңында құрастырылады.

Оқу аяқталғаннан кейінгі қорытынды өзін-өзі бағалау:

Сенімділік рейтингі

Тыңдаушы бағдарламаның негізгі блоктары бойынша кәсіби әрекеттерді орындаудағы сенімділігін 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалайды.

Рефлексиялық сұрақтарға жауап беру:

Бағдарламадағы қандай ақпарат мен үшін жаңа және ерекше маңызды болды?

Мен өз жұмысымда нені қолдана бастадым?

Әрі қарай қандай бағытта мақсатты түрде дамығым келеді?

Жеке кәсіби өсу жоспары (3–6 айға)

Жеке құжат түрінде рәсімделеді, тыңдаушы онда келесі қадамдарды жоспарлайды: оқыту, жаңа білімдерді енгізу, әдістемелік іс-шараларға қатысу, жарияланымдар және т.б.

Ескерту:

Өзін-өзі бағалау қорытынды бағаға немесе сертификаттауға әсер етпейді, бірақ ішкі диагностика, саналы оқыту және кәсіби даму траекториясын құру құралы ретінде пайдаланылады.

Құралдар бейімделген және көрнекі түсінікті түрде ұсынылған (Google-кестелері, формалар, pdf-бланкілер), электрондық платформа арқылы қолжетімді және әдістемелік материалдарда қайталанатын. Қажеттілікке қарай құралдар ерекше қажеттіліктері бар қатысушыларға ыңғайлы болуы үшін бейімделеді.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Бағдарлама аясындағы бағалау жүйесі ашықтық, объективтілік, қолданбалылық қағидаларына негізделген және ПМПК, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің және арнайы мектептер мен арнайы сыныптардың сурдопедагогтарының кәсіби профиліне толық сәйкес келеді.

Бағалау тек теориялық білімнің меңгерілуін тексеруге ғана емес, ең алдымен мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға тиімді сурдопедагог көмегін көрсету үшін қажетті дағдылардың қалыптасу деңгейін айқындауға бағытталған.

Бағалау жүйесінің қағидалары:

Практикалық қолданбалылық: меңгерілген технологиялар мен құралдарды сурдопедагогтің нақты кәсіби тәжірибесінде қолдану қабілетін бағалау.

Құзыреттілік тәсіл: коммуникация, талдау, жоспарлау, өзара әрекеттесу сияқты кәсіби және тұлғалық құзыреттіліктерді дамытуға басымдық беріледі.

Модульдік және кезеңдік: бағалау әр модульден кейін жүргізіледі және қорытынды аттестациямен аяқталады.

Формалардың вариативтілігі: мини-тесттерден бастап практикалық тапсырмалар мен жобаларды қорғауға дейін әртүрлі бағалау формалары қолданылады.

Рефлексия және өзін-өзі бағалау: кәсіби дағдылардың дамуын саналы түрде ұғыну, өсу аймақтарын жоспарлау және қателермен жұмыс істеу үшін қажет.

Бағалаудың түрлері мен әдістері:

1. Ағымдағы бақылау (модульдер бойынша)

Әр модуль аяқталғаннан кейін тыңдаушылар орындайды:

Негізгі ұғымдар, нормативтік талаптар, әдістер бойынша мини-тесттер;

Практикалық тапсырмалар:

Педагогикалық қорытынды жасау;

Білім алушының даму картасын талдау және интерпретациялау;

Түзете-дамыту сабағының үзіндісін құрастыру;

Сурдопедагог құжаттарын рәсімдеу;

Ситуациялық кейстер: педагогикалық жағдайларды шешу (мысалы, сыныптағы есту қабілеті зақымдалған білім алушыға қолдау көрсету);

Өзін-өзі бағалау: чек-парағын немесе жеке прогреске бақылау парағын толтыру;

Оқытушыдан кері байланыс алу.

2. Тыңдаушының өзіндік жұмысы

Келесі критерийлер бойынша бағаланады:

тапсырманың толық және дәл орындалуы;

модуль мазмұны мен сурдопедагогтің кәсіби қызметіне сәйкестігі;

шешімдердің практикалық құндылығы мен қолданбалылығы;

дәлелділігі, бастамашылдығы және дербестік деңгейі.

Өзіндік тапсырмаларға мысал ретінде:

түзете-дамыту бағдарламасын құрастыру, түзете-дамыту жаттығуларын іріктеу, диагностикалық материалдар әзірлеу, сабақ жоспарларын құрастыру, жазбаша рефлексия жүргізу.

3. Қорытынды аттестаттау

Оқыту барысында әзірленген қорытынды тәжірибелік жобаны қорғау түрінде өтеді. Жоба бағдарламадағы барлық модульдер бойынша білім мен дағдылардың интеграцияланған нәтижесі болып табылады.

кейске негізделген жеке дамыту бағдарламасы;

авторлық әдістемелік әзірleme немесе түзете-дамыту бағдарламасы (оның ішінде цифрлық форматта);

түзете-дамыту жаттығуларының жинағы және оған берілген әдістемелік түсініктеме;

құжаттама үлгілерін әзірлеу: даму картасы, сүйемелдеу жоспары, педагогикалық қорытынды;

білім беру ұйымында сурдопедагог қызметін жетілдіруге бағытталған жоба;

сурдопедагогтің цифрлық портфолиосы (кәсіби жетістіктерді жүйелі ұсыну).

Қорғау формасы:

Күндізгі немесе қашықтан презентациялау;

Жұмыс нәтижелері бойынша рефлексия және оның кәсіби даму үшін маңыздылығын талдау;

Оқытушы немесе әдістемелік комиссия тарапынан сараптамалық бағалау (критерийлер бойынша: негізделгендік, жүзеге асыру мүмкіндігі, практикалық қолданбалылығы, рәсімделуі).

Өзін-өзі бағалау баға қоюға емес, рефлексиялық ұстанымды дамытуға және одан әрі кәсіби өсуге мотивация қалыптастыруға бағытталған.

Қорытынды жобаны бағалау критерийлері:

Критерийлер	Ең жоғары балл
Өзектілігі және кәсіби салаға сәйкестігі	10
Практикалық маңыздылығы және іске асырылу мүмкіндігі	10
Құрылымдық логикасы, толықтығы, нормативтік дұрыстығы	10
Әдістемелік сауаттылығы, үлгілерді (шаблондарды) қолдануы	10
Креативтілігі, педагогикалық икемділігі, бірегейлігі	10
Қорытынды балл	50 балл

Қосымша бағалау түрлері:

Тыңдаушының портфолиосы (қалау бойынша): орындалған тапсырмалар, презентациялар, әдістемелік материалдар, жұмыс парақтары және рефлексия парақтарының жинағы;

Негізгі модульдер бойынша онлайн-тестілеу (1–4 модульдер): білім беру ұйымының шешімі бойынша жүргізіледі;

Қатысу/аяқтау сертификаты: барлық тақырыптарды меңгергенде, тапсырмаларды орындағанда және қорытынды жобаны сәтті қорғаған жағдайда беріледі.

Бағалаудың кәсіби дамудағы рөлі:

Бағдарламадағы бағалау тек білім деңгейін анықтау құралы ғана емес, тыңдаушыны өзін-өзі дамыту, рефлексия жасау және кәсіби ұстанымын қалыптастыру процесіне белсенді түрде тартудың маңызды механизмі болып табылады. Аралық және қорытынды бағалау жүйесі арқылы тыңдаушы өз оқу нәтижелерін жүйелі түрде талдап, ілгерілеу динамикасын бақылай алады, нақты кері байланыс алады және кәсіби дамудың басым бағыттарын анықтайды. Бұл тәсіл сурдопедагогтің үздіксіз кәсіби өсуіне, тәжірибесін жетілдіруге және білім беру процесінде тиімді шешімдер қабылдау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Қамтамасыз етілетін қолдау және қайта бағалау шаралары:

<p>1. Кеңес беру және сүйемелдеу:</p>	<p>Оқу материалын меңгеруде қиындықтарға тап болған тыңдаушылар келесі мүмкіндіктерге ие:</p> <p>тьютормен қосымша жеке онлайн-консультациялар алу;</p> <p>бейнематериалдарға, шаблондарға және презентацияларға қайтадан қол жеткізу;</p> <p>тапсырмаларды орындау және қорытынды жұмысты бағалау критерийлері бойынша түсініктемелер алу.</p>
<p>2. Тапсырмаларды орындау үшін қосымша уақыт беру:</p>	<p>Тыңдаушының өтініші немесе курс кураторының шешімі бойынша:</p> <p>жеке тапсырмаларды (мысалы, жоба, әдістемелік әзірleme) орындау мерзімін ұзарту (ең көбі 2 апта);</p> <p>ұйымдастырушының келісімі бойынша қорытынды қорғау</p>

	немесе қайта тапсыру мерзімін кейінге ауыстыру.
3. Қорытынды жұмысты қайта бағалау:	Егер тыңдаушы қорытынды аттестациядан өтпесе (30 балдан төмен жинаса), ол келесі құқықтарға ие: жоба бойынша сарапшылардың ескертулерін ескеріп, қайта қорғауға; не балама тапсырманы орындауға (курс әдіскерімен келісу бойынша).
4. Жартылай қайта оқыту:	Айтарлықтай артта қалған жағдайда тыңдаушыға ұсынылады: жеке модульдер бойынша қайта оқыту (мысалы, тек 2 немесе 3 модуль); консультациялық сүйемелдеумен модуль тапсырмаларын қайта орындау.
5. Академиялық шегерім (кейінге қалдыру) рәсімдеу:	Ерекше жағдайларда (ауру, демалыс, отбасылық жағдайлар) тыңдаушы: курсты кейінгі топпен аяқтау үшін шегерім ала алады; өтілген модульдердің бір бөлігін сақтап (сағаттар есепке алынып), оқуды кейін жалғастыра алады.

9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі қолдау – біліктілікті арттыру бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады және тыңдаушылардың кәсіби қызметінде алған білімдері мен дағдыларының тұрақтылығын әрі практикалық қолданысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл кезең кәсіби белсенділікті қолдауға, педагогикалық бастамаларды дамытуға, тәжірибе алмасуға және тыңдаушылардың курстан алған нәтижелерін нақты тәжірибеге енгізуіне бағдарланған.

Курстан кейінгі қолдаудың негізгі элементтері:

Курстан кейінгі қолдаудың мақсаттары:			
жаңа білімдер мен құралдарды жүзеге асыруда әдістемелік қолдау көрсету;	кәсіби қарым-қатынасты жалғастыру және тәжірибе алмасу үшін жағдай жасау;	консультациялар, супервизия және сараптамалық кері байланыс алу мүмкіндіктерін ұсыну;	педагогтің тәжірибесіне өзін-өзі дамыту және өзін-өзі талдау элементтерін енгізуге ықпал ету.
Курстан кейінгі қолдау форматтары:			
Жеке әдістемелік кеңес беру:	онлайн байланыс арқылы (электрондық пошта, мессенджерлер, LMS платформалары); Түзете-дамыту бағдарламаларын іске асыру, құжаттаманы жүргізу, ППҚҚ шеңберіндегі өзара әрекеттесу мәселелері бойынша қолдау; тыңдаушылардың педагогикалық әзірлемелерін енгізу бойынша сараптамалық ұсынымдар.		
Курстан кейінгі вебинарлар және әдістемелік шеберханалар::	курс аяқталғаннан кейін 1–2 айдан соң тақырыптық онлайн-кездесулер өткізу; тыңдаушылардың сәтті енгізген кейстерін талдау; білімді практикада қолдану кезінде туындаған күрделі сұрақтарға жауаптар беру.		
Кәсіби қарым-қатынас форумы/тобы:	кәсіби чатқа немесе онлайн-топқа (Telegram, WhatsApp, Google-топтар) қолжетімділік; шаблондармен, құжаттармен, сұраулармен және шешімдермен алмасу; горизонталды тәлімгерлікті ынталан дыру (peer-to-peer қолдау).		

Онлайн-кітапхана және әдістемелік банк:	курс материалдарына тұрақты қолжетімділік; нормативтік базаны, шаблондарды, нұсқаулықтарды тұрақты жаңарту; жаңа әдебиет, жарияланымдар және іс-шаралар бойынша ұсыныстар.
Қорытынды енгізуді ерікті супервизиялау:	өз бағдарламаларын диагностикалау және рефлексиялауға ерікті түрде қатысуға шақыру; жеке білім беру маршруттарын іске асыруды сүйемелдеу; орталық әдіскерлерімен педагогикалық әсерлерді талдау.
Қолдау әдістері:	
жеке сұраныстарға жауаптар);	практика мен нәтижелерді талдау;
сауалнамалар, күнделіктер, талқылаулар;	топтық кейстер шешімі, материалдарды бірлесіп әзірлеу.
Ұзақтығы және форматы:	курс аяқталғаннан кейін 12 айға дейін; қашықтан, икемді кесте бойынша; тыңдаушының қалауы бойынша немесе әдіскердің шақыруы бойынша.
Курстан кейінгі қолдаудың нәтижелері:	педагогтің алған білімдерін тәжірибеде қолдау сенімділігінің артуы;
	кәсіби құжаттаманы жүргізудің дұрыс үлгілерін тәжірибеге белсенді енгізу;
	кәсіби қоғамдастыққа және әдістемелік белсенділікке қатысудың артуы;
	рефлексияның пайда болуы, бастамашылдықтың және одан әрі оқуға дайындықтың өсуі.

10.Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі:

Заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер тізімі

1. Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/B940001400>
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (15.04.2025 ж. өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>
3. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ Заңы (30.12.2024 ж. № 148-VIII өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293>
4. Мүмкіндігі шектеулі балаларға элеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсету туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы (01.07.2023 ж. № 226-VII өзгертулермен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343>
5. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы (13.04.2025 ж. өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345>
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 5 мамырда № 20567 болып тіркелген <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020567#z10>
7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 тіркелген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (15.04.2025 ж. № 74 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы (25.04.2025 ж. № 271 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда № 5750 тіркелген. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы (07.08.2023 ж. № 249 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750>
10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы (31.03.2025 ж.

№ 59 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329>

11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы «Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алу қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» (28.06.2024 ж. № 165 бұйрығы редакциясында). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618>

12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 тіркелген. Педагогтердің жүргізуі міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы (30.04.2025 ж. № 98 өзгертулер мен толықтырулармен). URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317>

13. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы. Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 36047 тіркелген. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036047>

14. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 117 бұйрығы. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету стандартын бекіту туралы. URI: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036137>

Негізгі әдебиеттер:

1. Учебно – методическое обеспечение специальных школ (для обучающихся с нарушением слуха) Метод.рекомендации: /Сост. Ахмедиева К.Н., Байбулатова А.А., Стыбай А.Н. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2024. – 78 с.

2. Развитие речи у детей с нарушением слуха с использованием пиктограмм: рабочий альбом для родителей детей с нарушением слуха/ Шолпанкулова Г.М. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2021. -57.

3. Программа слухоречевой (педагогической) реабилитации детей раннего возраста с нарушенным слухом /Сост. Асембекова С.А., Баймуратова А.Т. – Алматы, 2014. – 114 с.

4. Сурдопедагогика: Учебник для дефектологических специальностей вузов. Издание 3-е, перераб.и доп. под редакцией Е.Г. Речинской. – М.: ООО «Издательский Цкнтр ВЛАДОС», 2024.-485с.

URI: <https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/view/6635>

5. Особенности применения мультимедийных технологий для детей с особыми образовательными потребностями: Метод. рекомендации / Баймуратова А.Т., Дербисалова Г.С., Альжанова Д.С. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2023. – 60с

6. Совершенствование учебно-методического обеспечения в специальной школе: Метод. рекомендации / Сост. Баймуратова А.Т., Куттыбаева Ж.К., Култаев Д.Х. и др. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2022

7. Использование нетрадиционных методов работы с детьми с нарушением речи: метод. рекомендации/ Мергалиева Т.Е. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2022. - 48 с

8. Королева И.В. Помощь детям с нарушением слуха : руководство для родителей и специалистов / И.В. Королёва. — Санкт-Петербург : Каро, 2022. — 304 с.: ил. — (Специальная педагогика). — Библиогр.:с.298-299. — ISBN 978-5-9925-1587-9.

9. Письмо и чтение: трудности обучения и коррекции / Под ред. О.Б. Иншаковой. М., 2003.

10. Федорова Т. Т., Сафина Д. К. Орта кәсіптік білім беру жағдайында мүмкіндіктері шектеулі адамдарды оқытудың инновациялық формалары («ТИСБИ» мысалында) // Инклюзия в образовании. 2024. Т. 9, № 2 (34). URL: <https://www.tisbi.ru/files/prod/home/nauka/gurnal-inklyuziya-v-obrazovanii/50e5f83a2dfdf68fcc5679caa4e9d951.pdf>

11. Институт коррекционной педагогики РАО. (2025). Воспитание и обучение детей с нарушениями слуха (хрестоматия/учебные материалы). <https://ikp-rao.ru/wp-content/uploads/2025/02/Hrestomatiya-3-2-1.pdf>

12. Беляева, О. Л., & Карпова, Г. А. Современная сурдопедагогика: из прошлого в настоящее: учебное пособие. Красноярск 2016.

13. Баймұратова, А. Т., Абаева, Г. А., & Преображенская, Н. Ю. Білім беру ұйымдарында ымдау тілін қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулық. Алматы 2019 ТП ҰҒПО. ISBN 978-601-7131-96-8.

14. Ерсарина, А. К. Мектептегі оқу қиындықтарының психологиялық-педагогикалық диагностикасы: әдістемелік ұсыныстар. Алматы: 2024, АИБД ҰҒПО. ISBN 978-601-14-0298-9.

15. Институт коррекционной педагогики РАО. 2024 г. Рекомендации для родителей, воспитывающих детей с нарушениями слуха (цифровой ресурс). <https://ikp-rao.ru/rekomendacii-dlja-roditelej-vospityvajushhih-detej-s-narusheniya-mi-sluha/>

16. Методика коррекционно-развивающей работы при нарушении слуха: методика обучения произношению учащихся с нарушением слуха. Феклистова, Светлана Николаевна, Минск: БГПУ 2019. <http://elib.bspu.by/handle/doc/43349>

17. Савельева Е.Е., Арефьева Н.А. Нарушения слуха у детей, возможности диагностики и реабилитации Текст научной статьи по специальности «Науки о здоровье» 2014. <https://cyberleninka.ru/article/n/narusheniya-sluha-u-detej-vozmozhnosti-diagnostiki-i-reabilitatsii>

18. Шматко, Н. Д. Организация семейного воспитания и обучения детей дошкольного возраста с нарушенным слухом : метод. пособие для родителей / Н. Д. Шматко, О. В. Польская, Т. В. Куликова. — Москва : ФГБНУ «ИКП РАО», 2022. — 79 с.

Қосымша әдебиеттер

21. Гаджиева Л. В., Павлюченко В. И. Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды оқытуды дараландырудың

формасы ретінде информатика және математика пәндерінен жұмыс парақтары. 2024-02-23. URI: <https://repo.kspi.kz/handle/123456789/7662>

22. Шатских А. А. Инклюзивті білім беру: барлық білім алушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудегі қиындықтар. 2024-02-23. URI: <https://repo.kspi.kz/handle/123456789/7757>

23. Заречнева О. И., Михайличенко И. А. Инклюзия = Қазіргі заманғы білім бе? 2023-02-17. URI: <https://repo.kspi.kz/handle/123456789/6479>

24. Оспанова А. М., Кантарбаева Д. Е. Тірек-қимыл аппараты бұзылған оқушыларды инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесі. 2024-02-23. URI: <https://repo.kspi.kz/handle/123456789/7732>

25. Кулешова М.В., Панков В.А. Психологический профиль пациентов с нейросенсор-ной тугоухостью профессионального геноза: пилотное исследование. Acta Biomedica Scientifica. 2021; 6 (5): 136-144.

26. Фоменко А. С. Инклюзивті білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру. 2024-02-23. URI: <https://repo.kspi.kz/handle/123456789/7753>

27. Абдуразова П. А., Үсенбай А. У., Алданазарова М. Ш. Инклюзивті білім беруді ілгерілету: ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға арналған виртуалды зертханалық симуляциялардың ықпалы мен әлеуеті. 2025-02-26. URI: <https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/view/5659>

28. Gopinath B., Flood V.M., Teber E., McMahon C.M., Mitchell P. Dietary intake of cholesterol is positively associated and use of cholesterol-lowering medication is negatively associated with prevalent age-related hearing loss. J. Nutr. 2011; 141 (7): 1355-61. DOI: 10.3945/jn.111.138610

29. Rahimi V., Tavanai E., Falahzadeh S., Ranjbar A.R., Farahani S. Omega-3 fatty acids and health of auditory and vestibular systems: a comprehensive review. Eur. J. Nutr. 2024; 63 (5): 1453-1469. DOI: 10.1007/s00394-024-03369-z

30. Dullemeijer C., Verhoef P., Brouwer I.A., Kok F.J., Brummer R.J., Durga J. Plasma very long-chain n-3 polyunsaturated fatty acids and age-related hearing loss in older adults. J. Nutr. Health Aging. 2010; 14 (5): 347-351. DOI: 10.1007/s12603-010-0078-x

31. Tang D., Tran Y., Dawes P., Gopinath B. A narrative review of lifestyle risk factors and the role of oxidative stress in age-related hearing loss. Antioxidants (Basel). 2023; 12 (4): 878. DOI: 10.3390/antiox12040878

32. Sardone R., Lampignano L., Guerra V., Zupo R., Donghia R., Castellana F., Battista P., Bortone I., Procino F., Castellana M., et al. Relationship between inflammatory food consumption and age-related hearing loss in a prospective observational cohort: Results from the salus in apulia study. Nutrients. 2020; 12 (2): 426. DOI: 10.3390/nu12020426